

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»		46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		24 беттің 1беті

«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)
6В10111-«Қоғамдық денсаулық» Білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: НІМ 1206	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пәннің атауы: Химия	1.7	Курс: 1
1.3	Реквизитке дейінгі: жалпы орта білім пәндері: биология, химия, физика және математика.	1.8	Семестр: 2
1.4	Реквизиттен кейінгі: медициналық биохимия, морфология және физиология	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 3
1.5	Циклі: БП	1.10	Компонент: ЖК
2.	Пәннің мазмұны (50 сөзден көп емес)		
Адам ағзасында болатын химиялық процестерді түсіну үшін қажетті химияның жалпы заңдылықтары. Биологиялық сұйықтықтардағы заттардың сандық құрамын анықтауға және медициналық ерітінділерді дайындауға арналған концентрация түрлері. Кейбір ауруларды диагностикалау мен емдеуде қолданылатын сапалық және сандық талдаудың негізгі принциптері.			
3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	Тестілеу ✓	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	ОҚКЕ/ ОҚТЕ немесе Тәжірибелік дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты:		
Білім алушыларда адам ағзасын және оның қоршаған ортасын зерттеуге біртұтас физика-химиялық, жаратылыстану-ғылыми көзқарасты қалыптастыру, сондай-ақ маңызды биохимиялық процестердің химиялық және физика-химиялық аспектілерін және тірі организмде болатын тепе-теңдіктің әртүрлі түрлерін негіздеу.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН):		
ОН1	- ағзадағы химиялық үдерістердің (реакциялардың негізгі түрлері) химияның жалпы заңдары мен заңдылықтарына бағынуын, сондай-ақ химиялық үдерістердің жүруінің жалпы энергетикалық және кинетикалық заңдылықтары мен кинетикасы туралы білімін көрсетеді; - органикалық қосылыстардың негізгі кластарының жіктелуін, қасиеттерін және медицинада қолданылуы туралы білімін көрсетеді;		
ОН2	- ерітінділердегі, соның ішінде биологиялық сұйықтықтардағы заттардың сандық құрамын анықтау үшін (массалық үлес, молярлы концентрация, эквивалентті молярлы концентрация, молярді концентрация, молдік үлес, титр) есептік формулаларды қолданады;		
ОН3	- химияның жалпы теориялық негіздерін тұжырымдайды, химиялық реакциялар мен тіршілік процестерінің тепе-теңдіктерінің әртүрлі типтері туралы білімдерін; ағзаның буферлік жүйелерінің әсер ету механизмдері, олардың өзара байланысы және олардың кейінгі кәсіптік қызметінде білім, білік және дағды үшін қышқылдық-негіздік гомеостазды сақтаудағы рөлі. - биогендік элементтер мен олардың қосылыстарының тірі жүйелердегі рөлі туралы білімдерін көрсетеді; беттік құбылыстардың физикалық-химиялық негіздерін; әртүрлі фазалық шекаралардағы адсорбцияның ерекшеліктері; дисперсті жүйелердің және биополимерлердің ерітінділерінің физикалық-химиялық қасиеттері.		
ОН4	- Органикалық қосылыстардың химиялық қасиеттерінің олардың биологиялық белсенділігімен байланысы туралы білімді көрсетеді.		
ОН5	- Дәрілік заттарды жасаудың негізі ретінде гетероциклді қосылыстар негіздерін және аминқышқылдары мен ақуыздардың қышқылдық-негіздік қасиеттерінің ерекшеліктерін және олардың қышқылдық-негіздік гомеостазды сақтаудағы маңызын біледі.		
ОН6	- оқу дағдыларын пайдалана отырып, стоматологияда химияны қолдану саласы бойынша ақпараттарға талдау жүргізеді, өз пікірін білдіреді.		
ОН7	- жазбаша жұмыстарды орындау кезінде және емтихандар тапсырғанда академиялық адалдық қағидаларын сақтайды.		
5.1	Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының	

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»	46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)	24 беттің 2беті

			оқыту нәтижелері				
	ОН 1		ОН1 Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тиімді сектораралық өзара іс-қимыл жасау үшін қазіргі заманғы тарихтың, философияның және әлеуметтік-саяси білімнің маңызды аспектілеріне негізделген қоғамдық денсаулықтың негізгі тұжырымдамалары мен әдістерін қолданады.				
	ОН 2						
	ОН 3						
	ОН 5		ОН 2 Қоғамдық денсаулық сақтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы бойынша мақсат қою және практикалық міндеттерді шешу үшін денсаулық сақтау мекемелері мен персоналды басқаруды ұйымдастырудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолданады				
	ОН 4						
	ОН 6						
	ОН 7						
6. Пән туралы толық ақпарат:							
6.1	Химия курсының дәрістері ОКМА арнайы зертханалық құралдармен, қондырғылармен және компьютерлік жүйелермен жабдықталған зертханалық аудиторияда өтеді. Зертханалық – тәжірибелік сабақтар мен дәрістер кафедраның 5 қабатында 517,521,523,528,530 аудиторияларында өтеді.						
6.2	Сағат саны	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт. сабақ.	ОБӨЖ	БӨЖ	
		6	24	-	9	42(9)	
7. Оқытушылар туралы мәліметтер.							
№	Т.А.Ж.	Дәрежесі мен лауазымы			Электрондық мекен-жайы		
1.	Дауренбеков Қ.Н.	кафедра меңгеруші-сі, х.ғ.к., профессор м.а.			daurenbekov.kanat@mail.ru		
2.	Дильдабекова Л.А.	доцент м.а., пед.ғ.к.			Lazzat_D@inbox.ru		
8. Тақырыптық жоспар.							
Апта/ күні	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны		Пән-нің ОН	Са-ғат саны	Оқыту-дың түрлері / әдістері / оқыту техноло-гиялар ы	Баға-лаудың түрлері / әдістері
1	Тәжірибелік сабақ №1 Тақырыбы: Химиялық Термодинамиканың негіздері және оның медицинадағы маңызы.	Биологиялық процестердің термодинамикасы. Биоэнергетика. Жүйе. Энтальпия түсінігі. Термохимия ілімі. Гесс заңы.Химиялық және физика-химиялық процестердің энтальпиясының өзгеруі. Термодинамиканың екінші заңы. Энтропия. Гиббстің бос энергиясы. Лабораторияда жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру және жұмыс орнын ұйымдастыру ережелерін сақтау. Химиялық ыдыстардың және реактивтердің түрлері.		ОН1	2	кіші топтард а жұмыс	Ауызша сұрау

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»		46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		24 беттің 3беті

	ОБӨЖ №1/ БӨЖ тапсырмасы №1.1 Ферменттік катализ. Ферменттердің әсер ету ерекшелігі. Ағзаның қорғаныс ферменттері. БӨЖ тапсырмасы №1.2 Су. Сулы ерітіндідегі химиялық реакция. Тірі ағзадағы судың биологиялық маңызы	Ферментативті катализ. Ферменттердің табиғаты және жіктелуі. Тірі организмдердегі ферменттердің әсер ету ерекшеліктері. Ауыз қуысындағы тағамға әсер ететін сілекей ферменттері. Тіршіліктегі зат алмасу процестеріндегі ферменттердің маңызы. Су, молекула құрылысы. Судың қасиеттері. Дис-тиленген, апиогенді су. Ағзаның тіршілігі үшін судың маңызы.	ОН1 ОН6	1/3	Презентация	Ауызша сұрау
2	Тәжірибелік сабақ. №2 Тақырыбы: Химиялық кинетика және оның медицина дағы маңызы.	Химиялық реакциялардың кинетикасы. Реакция жылдамдығына әсер ететін факторлар. Химиялық тепе-тендіктің ығысуын болжау. Тірі организмдердегі биологиялық процестердің кинетикасы туралы түсініктер.	ОН1	2	кіші топтарда жұмыс, зерт.жұмыс	Ауызша сұрау/есептер шығару, зертханалық тәжірибенің нәтижесін қорғау
	БӨЖ			-/3		
3	Дәріс №1. Кіріспе. Биологиялық үдерістердің термодинамикасы. Негізгі түсініктері және заңдары.	Химия пәні және басты мақсаттары. Химиялық термодинамика- зат алмасу және энергия алмасудың теориялық негізі. Термодинамика заңдары. Адам жасушасындағы кешенді термодинамикалық жүйе. Термохимия. Гесс заңы. Энтропия. Гиббс энергиясы.	ОН1	1	Жалпы шолу	Кері байланыс
	Тәжірибелік сабақ №3 Тақырыбы: Ерітінділер. Ерітінділердің коллигативті қасиеттері. Биологиялық жүйелердегі осмостың рөлі.	Ерітінділердің концен-трациясы және оларды өрнектеу әдістері. Физиологиялық ерітінділерді дайындау. Ағза тіршілігіндегі ерітінділердің маңызы. Қан жасушаларындағы осмос. Вант-Гофф заңы. Плазмолиз, гемолиз, тургор және изотондылық. Инъекцияға арналған ерітінділердің жіктелуі	ОН2 ОН3	1	кіші топтарда жұмыс, зерт. жұмыс.	Ауызша сұрау/есеп шығару, зертханалық жұмыстың нәтижелерін қорғау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»		46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		24 беттің 46-еті

		(гипертонды, гипотонды және изотонды ерітінділер).				
	ОБӨЖ/БӨЖ №2 БӨЖ тапсырмасы 2.1 Ағзалар тіршілігіндегі ерітінділердің маңызы. тірі организмдердегі электролиттер. БӨЖ тапсырмасы 2.2 Кешенді қосылыстар және олардың қасиеттері. Кешенді қосылыстардың медициналық-биологиялық маңызы.	Ерітінділердің түрлері. Ерігіштік. Ерігіштіктің температураға тәуелділігі. Электролиттер. Күшті және әлсіз электролиттер. Әлсіз электролиттердің ерітінділеріндегі иондардың диссоциациялану дәрежесі және концентрациясы. Электролиттер мен бейэлектролиттер ерітінділері түріндегі дененің биологиялық сұйықтықтары Кешенді қосылыстардың құрылысы. Кешенді қосылыстардың түрлері мен номенклатурасы. Кешенді қосылыстардағы химиялық байланыс. Кешенді қосылыстардың диссоциациясы және ерітіндідегі тепе-теңдігі. Кешенді қосылыстардың биологиялық рөлі.	ОН2 ОН6	1/3	Презентация	Ауызша сұрау
4	Тәжірибелік сабақ №4 Тақырыбы: Буферлік жүйелер. БӨЖ	Тіршілік процестеріндегі қышқыл-негіз балансы. Буферлік жүйелер. Буферлік әрекет аймағы, оны есептеу. Қышқылдық және негіздік буферлік жүйелердің рН анықтау. Адам ағзасындағы буферлік жүйелердің маңызы	ОН3	2	кіші топтарда жұмыс, зерт. жұмыс.	Есеп шығару, зертханалық жұмыстың нәтижелерін қорғау
5.	Тәжірибелік сабақ №5. Тақырыбы: Коллоидты-дисперсті жүйе. Дисперсті жүйелердің қасиеттері. Коллоидты ерітінділердің тұрақтылығы және коагуляциясы.	Түсініктер: дисперстік жүйе, дисперстік фаза, дисперстік орта. Дисперсті жүйелердің классификациясы. Мицелланың құрылысы. Коллоидты ерітінділерді алу және тазарту әдістері. Медициналық тәжірибедегі диализ. Коллоидты ерітінділердің оптикалық және электрокинетикалық қасиеттері. Тиндаль эффектісі. Электросмос және электрофорез, олардың медицинада қолданылуы.	ОН3	2	кіші топтарда жұмыс, зерт. жұмыс	Ауызша сұрау/тест-бақылау, зертханалық жұмыс нәтижелерін қорғау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»		46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		24 беттің 5беті

	ОБӨЖ №3 /БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 3.1 Тірі ағзада қышқыл-негіз балансының бұзылуы. Гомеостаз. БӨЖ тапсырмасы 3.2 Хроматография және оның медициналық тәжірибеде қолданылуы.	Тірі ағзаның қышқылдық-негіздік жағдайы. Ацидоз және алкалоз түрлері. Гомеостаздың негізгі түрлері. Гомеостаз механизмдері. Қанның қышқылдық тепе-теңдігінің бұзылуы. Медицинадағы хроматография: жіктелуі, қолданылуы, болашағы. Дәрілік және есірткі заттарын анықтау.	ОН3 ОН6	1/3	Презентация	Ауызша сұрау
6	Дәріс №2 Тақырыбы: Буферлік жүйелер. Адам ағзасындағы буферлік жүйелердің маңызы	Буферлік жүйелер. Буферлік әрекет аймағы, оны есептеу. Қышқылдық және негіздік буферлік жүйелердің рН анықтау. Адам ағзасындағы буферлік жүйелердің маңызы	ОН3	1	Жалпы шолу	Кері байланыс
	Тәжірибелік сабақ №6 Тақырыбы: Буферлік жүйелер.	Тіршілік процестеріндегі қышқыл-негіз балансы. Буферлік жүйелер. Буферлік әрекет аймағы, оны есептеу. Қышқылдық және негіздік буферлік жүйелердің рН анықтау. Адам ағзасындағы буферлік жүйелердің маңызы	ОН3	1	Шағын топтарда жұмыс, зертханалық жұмыс	Ауызша сұрау/есептер шығару, зертханалық тәжірибе нәтижесін қорғау
	БӨЖ			-/3		
7.	Тәжірибелік сабақ №7. Тақырыбы: Тотығу-тотықсыздану процестері. Электродтық потенциалдар.	Тотығу-тотықсыздану реакциялары. Электродтық потенциалдар. Гальваникалық элементтер. Гальваникалық элементтің электр қозғаушы күші (ЭҚК). Нернст теңдеуі. Тотығу-тотықсыздану процестерінің бағыты. мембраналық потенциал. Тотығу-тотықсыздану реакцияларының адам өміріндегі маңызы.	ОН1	2	шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау/тест-бақылау
	ОБӨЖ №4/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы №4 Медицина тәжірибесіндегі потенциометрия.	Потенциометрия. Потенциометрия әдістерін клиникалық талдауда және санитарлық-гигиеналық зерттеу тәжірибесінде қолдану. Потенциометриялық	ОН1 ОН6	1/3	Презентация	Ауызша сұрау

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»		46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		24 беттің 6беті

		әдістерді қолдана отырып, биологиялық сұйықтықтар мен ұлпалардағы физиологиялық белсенді иондардың концентрациясын анықтау.				
8.	Тәжірибелік сабақ №8. Тақырыбы: Органикалық қосылыстардың қышқылдығы мен негізділігі. Спирттердің, фенолдардың, тиолдардың және аминдердің реактивтілігі және биологиялық функциялары.	Бренстед Лоури мен Льюистің теориялары. Органикалық қышқылдардың түрлері (ОН-, SH-, NH - және СН-қышқылдар) және негіздер (n- және π-негіздер). Қышқылдық пен негізділікті анықтайтын факторлар: қышқыл және негізгі орталықтар атомының электртерістігі мен поляризациялануы, алмастырғыштардың электрондық әсерлері, сольвация әсері. Спирттердің, фенолдардың, тиолдардың және аминдердің реактивтілігі	ОН1 ОН4	2	Кіші топтарда жұмыс.	Ауызша сұрау, тест-бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ №5 1-ші АБ-ды жүзеге асыру бойынша кеңес беру. Аралық бақылау №1	Дәріс тақырыптары (1-2), тәжірибелік сабақтар (1-7), БӨЖ тақырыптары (1-7)	ОН7	1/3	Билетпен ауызша сұрау	Ауызша сұрау
9.	Дәріс №3. Тақырыбы: Коллоидты – дисперсті жүйе. Дисперсті жүйелердің қасиеттері. Коллоидты ерітінділердің тұрақтылығы мен коагуляциясы.	Түсініктер: дисперстік жүйе, дисперстік фаза, дисперстік орта. Дисперсті жүйелердің классификациясы. Мицелланын құрылысы. Коллоидты ерітінділерді алу және тазарту әдістері. Коллоидты ерітінділердің оптикалық және электрокинетикалық қасиеттері. Тиндаль эффектiсi. Коагуляция, оның медициналық және биологиялық маңызы. Шульце-Харди ережесі. Медициналық тәжірибеде диализ, электроосмос және электрофорез.	ОН3	1	Жалпы шолу	Кері байланыс
	Тәжірибелік сабақ №9. Тақырыбы: Оксоқосылыстар. Альдегидтер мен кетондар. Нуклеофильді қосып алу реакциясы мен	Альдегидтер және кетондар. Изомериясы. Номенклатурасы (рационалдық және жүйелі). Химиялық қасиеттері. Альдегидтер мен кетондар, олардың биологиялық функциялары. Карбон және	ОН4	1	кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау/ тест-бақылау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»		46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		24 беттің 7беті

	конденсация. Карбон және дикарбон қышқылдары. Нуклеофильді орынбасу реакциясы.	дикарбон қышқылдары. Жалпы сипаттама. Алыну тәсілдері. Химиялық қасиеттері мен биологиялық функциялары.				
	БӨЖ			-/3		
10.	Тәжірибелік сабақ №10. Тақырыбы: Тіршілік процестеріне қатысатын гетерофункционалды қосылыстар.	Гидроксиқышқылдар. Жіктелуі және номенклатурасы. Физикалық және химиялық қасиеттері. α - , β - және γ-гидроксиқышқылдар. Лактидтер, лактондар. Оксоқышқылдар. Жіктелуі мен номенклатурасы. Алыну жолдары мен қасиеттері. Кето-енолды таутомерия. Ацетосірке эфирінің кетонды және енолды түрлерінің реакциялары. Гидрокси және оксоқышқылдардың маңызды өкілдері. Ағзаның биологиялық белсенді заттары мен дәрілік заттардың негізін құраушы ретінде - гетерофункционалды қосылыстар	ОН4 ОН5	2	кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық тәжірибе нәтижесін қорғау
	ОБӨЖ/БӨЖ №6 БӨЖ тапсырмасы 6.1 Дәрі-дәрмектер құрамындағы бензол қатарының гетерофункционалды туындылары. БӨЖ тапсырмасы 6.2 Органикалық қосылыстардың кеңістіктік құрылысы. Органикалық қосылыстардағы атомдардың өзара әсері.	п-Аминофенол және оның туындылары. Салицил қышқылы және оның туындыларының номенклатурасы, алыну тәсілдері, химиялық қасиеттері. Сульфанил қышқылы және оның туындыларының номенклатурасы, алыну тәсілдері, химиялық қасиеттері. п-аминобензой (ПАБК), сульфанил, салицил қышқылдарының медицина мен фармациядағы маңызы. Конфигурация және конформация – стереохимияның негізгі ұғымдары. Молекулалардың кеңістіктік құрылымын бейнелеу әдістері. стереохимиялық номенклатура. Органикалық химиядағы хиралдық, энантиомерлер. Диастереомерлер. Рацематтар.	ОН4 ОН6	1/3	Презентация	Ауызша сұрау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»		46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		24 беттің 8беті

11	Тәжірибелік сабақ №11. Тақырыбы: α-Аминқышқылдар, химиялық қасиеттері. Пептидтер. Ақуыздар.	Аминқышқылдары. Жіктелуі және номенклатурасы. Алыну тәсілдері. Химиялық қасиеттері. Амфотерлік сипаты. Карбоксил және аминтоптары бойынша реакциялары. А -, β-, γ- аминқышқылдардың химиялық қасиеттеріндегі ерекшеліктер. Ақуыздар туралы түсінік. Ақуыздардың құрамы, құрылысы және физика – химиялық қасиеттері. Ақуыз молекуласының құрылым бірлестіктерінің деңгейлері. Ақуыздардың жіктелуі. Жай және күрделі ақуыздар. Құрылымдық ақуыздар. Ақуыздардың биологиялық қызметі.	ОН4	2	кіші топтарда жұмыс, зерт.жұмыс	Ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық тәжірибе нәтижесін қорғау
	БӨЖ			-/3		
12.	Дәріс №4 Тақырыбы: Биологиялық маңызды гетерофункционалды органикалық қосылыстар. Аминқышқылдар. Пептидтер. Ақуыздар.	Аминоспирттер. Амино-, гидроксид және оксоқышқылдар. Құрылысы, номенклатура, реакцияға қабілеттілігі және биологиялық рөлі. α-аминқышқылдар. Ақуыздың құрамына кіретін α-аминқышқылдарының құрылысы мен жіктелуі. Стереоизмерия. Аминқышқылдарының химиялық қасиеттері. α, β, γ-аминқышқылдарының сапалық реакциялары. α-аминқышқылдарының қышқылдық-негіздік қасиеттері. Пептидтер, ақуыздар. Пептидтік топтардың құрылысы. Пептидтер мен ақуыздардың біріншілік құрылысы. Ақуыздар және олардың тірі ағзадағы функциялары.	ОН4	1	Жалпы шолу	Кері байланыс
	Тәжірибелік сабақ №12. Тақырыбы. Көмірсулар. Моносахаридтер. Олиго- және полисахаридтер.	Жіктелуі (альдозалар мен кетозалар, пентозалар мен гексозалар). Стереоизмериясы. D-және L-стереохимиялық қатарлар. Моносахаридтердің химиялық қасиеттері. Спирттік гидроксил топтары қатысатын реакциялар (алкилдеу, ацилдеу): жай және күрделі эфирлердің (ацетаттар, фосфаттар) түзілуі. Жартылай ацеталдық гидроксилдің реакциялары:	ОН4	1	кіші топтарда жұмыс, зерт.жұмыс	Ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық тәжірибе нәтижесін қорғау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»		46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		24 беттің 9беті

		альдозалардың тотықсыздандырғыш қасиеттері, гликозидтер түзілуі. Олиго-және полисахаридтердің құрылысы және биологиялық маңызы.				
	ОБӨЖ/БӨЖ №7 БӨЖ тапсырмасы 7.1 Адамдар үшін маңызды аминқышқылдары. БӨЖ тапсырмасы 7.1 Антибиотиктер. Медицинадағы маңызы.	Сипаттамасы және функциялары. Азық-түлік мазмұны. Күнделікті норма. Жетіспеушілік: белгілері мен салдары. Антибиотиктердің ашылу тарихы. Антибиотиктерге түсініктеме. Аминогликозидтердің тобына кіретін антибиотиктер. Пенициллиндердің жіктелуі. Гүлдерден алынатын таблеткалар.	ОН4 ОН5 ОН6	1/2	Презентация	Ауызша сұрау
13.	Тәжірибелік сабақ №13. Тақырыбы Биологиялық маңызды гетероциклді қосылыстар.	Медицина мен фармациядағы бір және екі гетероатомы бар биологиялық маңызды бес және алты мүшелі гетероциклді қосылыстардың маңызы. Пуриннің ароматтылығы. Пуриннің гидроксид және аминтуындылары: гипоксантин, ксантин, несеп қышқылы, аденин, гуанин. Лактим-лактамық таутомериясы.	ОН5	2	кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау/тест-бақылау
	БӨЖ			-/3		
14.	Дәріс №5. Көмірсулар және олардың биологиялық рөлі.	Көмірсулар. Моносахаридтер. Құрылысы және стереоизомерия. Моносахаридтердің химиялық қасиеттері. Олиго және полисахаридтер. Құрылысы. Номенклатурасы. Олиго және полисахаридтердің химиялық қасиеттері. Ағза жасушасындағы көмірсулардың биологиялық рөлі.	ОН4	1	Жалпы шолу	Кері байланыс
	Тәжірибелік сабақ №14. Тақырыбы Нуклеин қышқылдары. ДНҚ және РНҚ.	Нуклеин қышқылдары. Нуклеозидтер, нуклеотидтер. Пурин және пиримидин нуклеозидтері. Құрылысы, атауы. Нуклеотидтер. Құрылысы, нуклеозидмонофосфаттардың атауы. ДНҚ және РНҚ, олардың тірі ағзадағы биологиялық функциялары. Холестерин және оның	ОН4 ОН5	1	кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау/тест-бақылау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»		46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		24 беттің 10беті

		денсаулық үшін маңызы.				
	ОБӨЖ/БӨЖ №8 БӨЖ тапсырмасы 8.1 Алкалоидтар. Алкалоидтардың жіктелуі және медицинадағы маңызы. БӨЖ тапсырмасы 8.2 Сабындалмайтын липидтер.	Алкалоидтар. Анықтамасы, жіктелуі, құрылысы және фармациядағы маңызы. Алкалоидтар-дың негізгі қасиеттері. Тұз түзілу үдерістері.Алкалоидтардың химиялық қасиеттері. Хинолин және изохинолин топтарының алкалоидтары. Бір гетероатомды алты мүшелі гетероциклді қосылыстар.Екі гетероатомды алтымүшелі гетероциклді қосылыстар. Сабындалмайтын липидтер. Изопреноидтар.Терпендер, стероидтер, каратиноидтар. Холестерин және оның денсаулыққа әсері. Тірі организмдердегі стероидтердің биологиялық маңызы.	ОН4 ОН5 ОН6	1/2	Презентация	Ауызша сұрау
15.	Дәріс №6. Тақырыбы Биологиялық маңызды гетероциклді қосылыстар. Нуклеин қышқылдары. ДНҚ және РНҚ.	Бір және екі гетероатомды бесмүшелі гетероциклді қосылыстар. Бір және екі гетероатомды алтымүшелі гетероциклді қосылыстар. Бес және алтымүшелі гетероциклді қосылыстардың реакциялық қабілеттілігі және қышқылдық-негіздік қасиеттері.. Нуклеин қышқылдары. ДНҚ және РНҚ.Нуклеотидті коферменттер. Нуклеозидтер. Нуклеотидтер. Нуклеин қышқылдарының құрылысы. Биохимиялық үдерістердегі нуклеозидполифосфаттар.	ОН5	1	Жалпы шолу	Кері байланыс
	Тәжірибелік сабақ №15. Тақырыбы Сабындалатын липидтер және олардың биологиялық маңызы.	Липидтердің жіктелуі. Майлар. Майлардың номенклатурасы және изомериясы. Майлардың химиялық қасиеттері. Сабындану саны. Фосфолипидтер биомембраналардың негізгі құрылымы ретінде. Гликолипидтер.	ОН4	1	кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау/ тест-бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ №9 2-ші АБ-ды жүзеге асыру бойынша кеңес беру. Аралық бақылау №2	Дәріс тақырыптары (3-5), тәжірибелік сабақтар, БӨЖ тақырыптары (9-15)	ОН7	1/2	Билетпен ауызша сұрау	Ауызша сұрау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»	46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)	24 беттің 11беті

Аралық аттестацияны дайындау және өткізу	9		
Барлығы: 90 сағат			

9. Оқыту және бағалау әдістері		
9.1	Дәріс	-Шолу; Кері байланыс ретінде білім алушыларға сұрақтар қоюға мүмкіндік беріледі.
9.2	Тәжірибелік сабақтар	-Шағын топтарда жұмыс істеу, негізгі сұрақтарды талқылау; -Шағын топтарда жұмыс істеу, лабораториялық жұмыстарды орындау;
9.3	ОБӨЖ, БӨЖ	Туындаған барлық сұрақтарға кеңес беру, жоспарда берілген тақырыптарды өз бетінше игеру, электронды презентация дайындау және қорғау, әдебиеттермен жұмыс жасау, электрондық мәліметтер базасымен жұмыс істеу, аралық бақылау
9.4	Аралық бақылау	билетпен ауызша сұрау

10. Бағалау критерийі

10.1 Пәннің оқу нәтижелерін бағалау критерийлері

№ ОН	ОН БББ	Қанағаттсыз	Қанағаттанар- лық	Жақсы	Өте жақсы
ОН 1	- ағзадағы химиялық үдерістердің (реакциялардың негізгі түрлері) химияның жалпы заңдары мен заңдылықтарына бағынуын, сондай-ақ химиялық үдерістердің жүруінің жалпы энергетикалық және кинетикалық заңдылықтары мен кинетикасы туралы білімін көрсетеді; - органикалық қосылыстардың негізгі кластарының жіктелуін, қасиеттерін және медицинада қолданылуы туралы білімін көрсетеді;	-тақырып бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға бағдарланбайды, өз білімін көрсетпейді, сұрақтарға жауап бере алмайды. -органикалық қосылыстардың негізгі кластарының жіктелуін, қасиеттерін білмейді. Бұл білімін медицинамен байланыстыра алмайды.	- тақырып бойынша теориялар, концепциялар мен бағыттар бойынша нақты бағдарланбаған, білімін әлсіз көрсетеді, іргелі қателері бар сұрақтарға жауап береді. - органикалық қосылыстардың негізгі кластарының жіктелуін, қасиеттерін анық білмейді. Бұл білімін медицинамен байланыстыруды білмейді.	- тақырып бойынша теорияларға сауатты, тұжырымдамаларды және бағыттар сүйеніп, өз білімін көрсетеді, сұрақтарға принципсіз қателермен жауап береді. -органикалық қосылыстардың негізгі кластарының жіктелуін, қасиеттерін біледі. Бірақ бұл білімін медицинамен байланыстыруды білмейді.	-логикалық, анық, сауатты, тақырып бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға анықтама береді, өз білімін көрсете алады, барлық сұрақтарға жауап бере алады. Сондай-ақ қосымша сұрақтарға логикалық және сауатты жауап береді. - органикалық қосылыстардың негізгі кластарының жіктелуін, қасиеттерін анық біледі. Бұл білімін медицинамен байланыстыра алады.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»		46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		24 беттің 12беті

ОН 2	- ерітінділердегі, соның ішінде биологиялық сұйықтықтардағы заттардың сандық құрамын анықтау үшін (массалық үлес, молярлы концентрация, эквивалентті молярлы концентрация, молярлы концентрация, молдік үлес, титр) есептік формулаларды қолданады;	ерітінділердің концентрациясы н өрнектеу тәсілдерінің есептеу формулаларын білмейді. Ерітінділерді дайындау кезінде формулаларды тандай алмайды. Зерттелетін сұйықтықтардағы заттардың сандық құрамы туралы қорытынды жасауды білмейді.	ерітінділердің концентрациясы н өрнектеу тәсілдерінің есептеу формулаларын анық білмейді. Ерітінділерді дайындау кезінде формулаларды нашар тандайды. Ал зерттелетін сұйықтықтардағы заттардың сандық құрамы туралы қорытынды жасауды білмейді.	ерітінділердің концентрациясын өрнектеу жолдарын есептеу формулаларын біледі. Ерітінділерді дайындауда формулаларды дұрыс тандайды. Бірақ ол зерттелетін сұйықтықтардағы заттардың сандық құрамы туралы нақты қорытынды жасай алмайды.	ерітінділердің концентрациясы н өрнектеу әдістерінің есептеу формулаларын анық біледі. Ерітінділерді дайындауда формулаларды тандауда дұрыс логикалық тұжырым жасайды. Сол зерттелетін сұйықтықтардағы заттардың сандық құрамы туралы қорытынды жасауды біледі.
ОН 3	- химияның жалпы теориялық негіздерін тұжырымдайды, химиялық реакциялар мен тіршілік процестерінің тепе-теңдіктерінің әртүрлі типтері туралы біледі; ағзаның буферлік жүйелерінің әсер ету механизмдері, олардың өзара байланысы және олардың кейінгі кәсіптік қызметінде білім, білік және дағды үшін қышқылдық-негіздік гомеостазды сақтаудағы рөлі.	химияның жалпы теориялық негіздеріне бағдарланбаған, химиялық реакциялар мен тіршілік процестерінің тепе-теңдіктерінің әртүрлі типтері туралы білмейді; организмнің буферлік жүйелерінің әсер ету механизмдері н, олардың байланысы мен қышқылдық-негіздік гомеостазды сақтаудағы рөлін; қорытынды жасауды білмейді және тақырыпты болашақ мамандығымен	сауатты емес, химияның жалпы теориялық негіздеріне бағдарланбаған, химиялық реакциялар мен тіршілік процестерінің тепе-теңдіктерінің әртүрлі түрлерін нашар білетін; организмнің буферлік жүйелерінің әсер ету механизмдері н, олардың байланысы мен қышқылдық-негіздік гомеостазды сақтаудағы рөлін; анық емес қорытынды береді және тақырыпты болашақ мамандығымен	анық емес, бірақ сауатты, химияның жалпы теориялық негіздеріне бағдарланбаған, химиялық реакциялар мен тіршілік процестерінің тепе-теңдіктерінің әртүрлі типтерін біледі; организмнің буферлік жүйелерінің әсер ету механизмдерін, олардың байланысы мен қышқылдық-негіздік гомеостазды сақтаудағы рөлін; бұлдыр қорытынды береді, бірақ тақырыпты	сауатты, химияның жалпы теориялық негіздеріне бағдарланған, логикалық, химиялық реакциялар мен тіршілік процестерінің тепе-теңдіктерінің әртүрлі типтерін анық біледі; организмнің буферлік жүйелерінің әсер ету механизмдері н, олардың байланысы мен қышқылдық-негіздік гомеостазды сақтаудағы рөлін; нақты өз бетінше қорытынды береді және тақырыпты болашақ мамандығымен

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»		46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		24 беттің 13беті

	байланыстыр а алмайды. - биогендік элементтер мен олардың қосылыстарының тірі жүйелердегі рөлі туралы білімдерін көрсетеді; беттік құбылыстардың физикалық-химиялық негіздерін; әртүрлі фазалық шекаралардағы адсорбцияның ерекшеліктері; дисперсті жүйелердің және биополимерлердің ерітінділерінің физикалық-химиялық қасиеттері.	байланыстыр а алмайды. - биогендік элементтер мен олардың қосылыстарының тірі жүйелердегі рөлі туралы білмейді; беттік құбылыстардың физикалық-химиялық негіздері туралы; әртүрлі фазалық шекаралардағы адсорбцияның ерекшеліктері туралы; дисперсті жүйелер мен биополимерлердің ерітінділерінің физика-химиялық қасиеттері туралы білімін көрсетпейді. Сұрақтарға жауап бермейді	н байланыстыр а алмайды. - биогендік элементтер мен олардың қосылыстарының тірі жүйелердегі рөлі туралы анық білмейді; беттік құбылыстардың физикалық-химиялық негіздері туралы; әртүрлі фазалық шекаралардағы адсорбцияның ерекшеліктері туралы; дисперсті жүйелердің физика-химиялық қасиеттері мен биополимерлердің ерітінділері туралы білімін әлсіз көрсетеді. Негізгі қателерімен сұрақтарға жауап береді.	болашақ мамандығы мен байланысты руды білмейді. -биогендік элементтер мен олардың қосылыстарының тірі жүйелердегі рөлі туралы білімдерін сауатты көрсетеді; беттік құбылыстардың физикалық-химиялық негіздері туралы; әртүрлі фазалық шекаралардағы адсорбцияның ерекшеліктері туралы; дисперсті жүйелер мен биополимерлердің ерітінділерінің физика-химиялық қасиеттері туралы білімдерін көрсетеді. Ұсақ қателермен сұрақтарға жауап береді.	н байланыстыр уды біледі. -биогендік элементтер мен олардың қосылыстарының тірі жүйелердегі рөлі туралы білімді логикалық, сауатты көрсетеді; беттік құбылыстардың физикалық-химиялық негіздері туралы; әртүрлі фазалық шекаралардағы адсорбцияның ерекшеліктері туралы; дисперсті жүйелер мен биополимерлердің ерітінділерінің физика-химиялық қасиеттері туралы білімдерін көрсетеді. Сондай-ақ қосымша логикалық және сауатты жауап береді.
ОН 4	- органикалық қосылыстардың химиялық қасиеттері мен биологиялық белсенділігінің байланысы туралы білімді көрсетеді.	органикалық қосылыстардың химиялық қасиеттерін білмейді және оларды биологиялық белсенділігімен	органикалық қосылыстардың химиялық қасиеттерін және оларды биологиялық белсенділігімен анық емес	органикалық қосылыстардың химиялық қасиеттерін нақты біледі, бірақ оларды биологиялық белсенділігімен	органикалық қосылыстардың химиялық қасиеттерін нақты, анық біледі және нақты оларды биологиялық

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Химиялық пәндер, биология және биохимия кафедрасы»		46-11
«Химия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		24 беттің 14беті

		байланыстыра алмайды.	байланыстыра алады.	анық байланыстыра алмайды.	белсенділігімен байланыстыра алады.
ОН 5	Дәрілік заттарды жасаудың негізі ретінде гетероциклді қосылыстар негіздерін және аминқышқылдары мен ақуыздардың қышқылдық-негіздік қасиеттерінің ерекшеліктерін және олардың қышқылдық-негіздік гомеостазды сақтаудағы маңызын біледі.	дәрілік заттарды жасаудың негізі ретінде гетероциклді қосылыстар негіздерін білмейді, аминқышқылдары мен ақуыздардың қышқылдық-негіздік қасиеттерінің ерекшеліктерін түсінбейді, сондай-ақ олардың қышқылдық-негіздік гомеостазды сақтаудағы маңызын түсінбейді.	дәрілік заттарды жасаудың негізі ретінде гетероциклді қосылыстар негіздерін біледі, бірақ аминқышқылдары мен ақуыздардың қышқылдық-негіздік қасиеттерінің ерекшеліктерін түсінбейді, сондай-ақ олардың қышқылдық-негіздік гомеостазды сақтаудағы маңызын түсінбейді.	дәрілік заттарды жасаудың негізі ретінде гетероциклді қосылыстар негіздерін нақты біледі, аминқышқылдары мен ақуыздардың қышқылдық-негіздік қасиеттерінің ерекшеліктерін анық түсінеді, бірақ олардың қышқылдық-негіздік гомеостазды сақтаудағы маңызын нақты түсінбейді.	дәрілік заттарды жасаудың негізі ретінде гетероциклді қосылыстар негіздерін нақты біледі, аминқышқылдары мен ақуыздардың қышқылдық-негіздік қасиеттерінің ерекшеліктерін анық түсінеді, сондай-ақ олардың қышқылдық-негіздік гомеостазды сақтаудағы маңызын нақты түсінеді.
ОН 6	- оқыту дағдыларын пайдалана отырып, медицинада химияны қолдану саласында өз пайымдауларын, ақпаратты талдау және синтездеуді ұсынумен көпшілік алдында сөз сөйлейді.	оқу дағдыларын көрсете алмайды. Өз пікірін айта алмайды, медицинада химияны қолдану саласындағы ақпаратты талдауды және синтездеуді білмейді. Қорытынды жасай алмайды	оқу дағдыларын сенімсіз көрсетеді. Медицинада химияны қолдану саласындағы ақпаратты талдау және синтездеу, өз пайымдауларын анық көрсетпейді. Өз бетінше қорытынды жасай алмайды және ақпаратты болашақ мамандықпен байланыстыра алмайды.	оқу дағдыларын анық көрсетеді. Медицинада химияны қолдану саласындағы ақпаратты талдау және синтездеу, өз пайымдауларын сенімді түрде баяндайды. Өз бетінше қорытынды жасай алады, бірақ ақпаратты болашақ мамандықпен нақты байланыстыра алмайды.	оқу дағдыларын анық көрсетеді. Медицинада химияны қолдану саласындағы ақпаратты еркін, сенімді түрде баяндайды, нақты және анық талдайды және синтездейді. Өз бетінше қорытынды жасай алады және ақпаратты болашақ мамандықпен байланыстыра алады.
ОН 7	- жазбаша жұмыстарды орындау кезінде және емтихандар тапсырғанда академиялық адалдық	Теориялық сұрақтарға, тест тапсырмаларына, жазба жұмыстарына жауап бере алмайды.	Теориялық сұрақтарға, тест тапсырмаларына, жазба жұмыстарына жауап бергенде қателіктер	Теориялық сұрақтарға, тест тапсырмаларын а, жазба жұмыстарына жауап бергенде	барлық теориялық сұрақтар мен тест тапсырмаларына толық жауап береді; жазба

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
